

## **ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕБІ**

Қызылорда «Болашақ» университетінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарын төмендегі бағыттар бойынша атап өтуге болады.

### **Университет мақсаты:**

✓ білім, ғылым, өндіріс интеграциясы қалыптасқан еліміздің әлеуметтік-экономикалық және интеллектуалды капиталын дамытуға белсенді үлес қосатын бірыңғай ғылыми білім беру кешені ретіндегі инновациялық университет болу;

✓ республика мен аймақтағы жоғары білікті мамандарға сұранысты қанағаттандыру;

✓ білім беруде жаңа ауқымды ақпараттық технологияларды ендіру, ғылыми зерттеу және оқу үдерісін біріктіруді күшейту жолдары арқылы мамандарды даярлау сапасын арттыру;

✓ халықаралық білім кеңістігіне ену.

### **Университет миссиясы:**

Ғылым, білім және инновация интеграциясында жоғары білікті мамандар даярлауды қамтамасыз ететін заманауи ғылыми және білім беру ортасын қалыптастыру.

Университет өзінің білім беру қызметін №KZ91LAA00032513 (25 шілде, 2023 жыл) нөмірлі лицензиясына, университет Жарғысына және Құрылтайшының келісім шартына сәйкес ұйымдастырады.

Университетте оқу үдерісін ұйымдастыру және қамтамасыз етудің нормативтік-құқықтық негізін ҚР Конституциясы, «Білім» туралы және «Ғылым туралы» Заңдар, ҚР басқа да заңнамалық актілері, ҚР Үкіметінің білім беру қызметін реттейтін Қаулылары, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары, Университет Жарғысы, Ішкі еңбек және оқу тәртібі Ережелері, Ғылыми кеңес шешімдері, Академиялық саясат, Университеттің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары, Ректордың бұйрықтары мен өкімдері құрайды.

Университетіміз 2021 жылы Аккредиттеу және рейтинг Тәуелсіз агенттігі өткізген ЖОО-ның Ұлттық рейтингісі қорытындысында Университет ҚР ЖОО Бас рейтингісінің ТОП-20-сына енді. Еліміздегі оқу орындары арасында топ жарып, ТОП-20-ға енуі аймағымыздың да мақтанышы деп айтуға болады. Үздіктерді анықтау барысында адами ресурстарды дамыту деңгейі, жоғары білім берудегі шет мемлекеттермен байланыс, ғылыми-зерттеулерді дамыту деңгейі, еңбек нарығындағы түлектерге деген сұраныс пен олардың жұмысқа орналасу көрсеткіші сияқты индикаторлар басты назарға алынған.

Қызылорда «Болашақ» университеті жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, бәсекеге қабілетті ортаны қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар атқаруда.

Университетте мамандар даярлау 45 бакалавриат және 6 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу

жылында 23 білім беру бағдарламасы мамандандырылған аккредитациядан өтіп, куәлік алды.

Университеттің бүгінгі таңдағы білім алушылар контингенті 5493 білім алушыны құрайды, оның ішінде грант негізінде оқитындар саны–94, Президент гранты–44, Әкім гранты–37, университет Ректоры гранты–1, «Қазақстан халқына» қорының гранты–12.

Қазіргі таңда университетте 219 оқытушы-профессор қызмет етеді. Оның ішінде негізгі штаттағы – 149, ішкі қоса атқарушы – 18, сыртқы қоса атқарушы – 52. Оқытушы-профессорлардың әлеуеті біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Өндірістен тартылған практик-мамандардың үлесі ПОҚ жалпы санының 20% құрайды. Тәжірибе жүргізу мен білімгерлермен алмасуда және заманауи халықаралық білім бағдарламаларын жүзеге асыруда әлемнің жетекші халықаралық жоғарғы оқу орындарымен ынтымақтастық орнатылған. Оқу үдерісіне шетелдік ғалымдарды тарту жұмыстары жалғасын тауып отыр. Шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардан тартылған ПОҚ жалпы санының 8% құрайды.

Халықаралық ынтымақтастық және интернационализация – Қызылорда «Болашақ» университеті қызметінің ажырамас бөлігі, сондай-ақ білім беру сапасын және оның халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етудегі маңызды құрал болып табылады. Халықаралық ынтымақтастық Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және т.б. жетекші шетелдік университеттермен ынтымақтастық бағдарламалары аясында жүзеге асырылады.

2022-2023 оқу жылындағы жағдай бойынша әлемнің 6 елінен 17 шетелдік серіктестермен халықаралық сипаттағы ынтымақтастық туралы 18 келісімге қол қойылды: Ташкент мемлекеттік аграрлық университетімен ғылыми-білім беру ынтымақтастығы туралы шарт (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.); Ташкент қаржы институтымен ғылыми-білім беру ынтымақтастығы туралы шарт (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.); Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен ғылыми-білім беру ынтымақтастығы туралы шарт (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.); «ВПА халықаралық полиция академиясы» автономды коммерциялық емес жоғары білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім (Ресей Федерациясы, Тула қ.); Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университеті арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум (Ресей Федерациясы, Уфа қ.); «Самара мемлекеттік техникалық университеті» ФГБОУ арасындағы ынтымақтастық туралы шарт (Ресей Федерациясы, Самара қ.); «ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы Университет» автономды коммерциялық емес жоғары білім беру ұйымы арасындағы ғылыми-білім беру ынтымақтастығы туралы шарт (Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қ.); «Қырғызстанның халықаралық университеті» ҰКП коммерциялық емес білім беру мекемесі арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандум (Бішкек, Қырғызстан қ.); «Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы» (РАНХиГС) ФГБОУ арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.); Хмельницк кооперативтік сауда-экономикалық институты арасындағы

ынтымақтастық туралы шарт (Украина); Varna University of Management арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандум (Болгария, Варна қ.); Oxford Business College, (Oxford, UK) арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандум (Ұлыбритания, Оксфорд); «Мәскеу медициналық институты» мемлекеттік емес жеке білім беру мекемесі арасындағы халықаралық ынтымақтастық туралы шарт (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.); «Мемлекеттік басқару Университеті» Жоғары білім берудің федералды мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.); Омбы мемлекеттік медицина университеті арасындағы ынтымақтастық туралы шарт (Ресей Федерациясы, Омбы қ.); Шыңғыс университеті арасындағы ынтымақтастық туралы келісім (ҚХР, Уримши қ.); Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен өзара ынтымақтастық туралы Меморандум (ҚР, Түркістан қ.); Ғылыми, ғылыми-техникалық және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Ресей Федерациясы, Саратов қ.).

Осы университеттермен келісімдер шеңберінде халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын іске асыру, бірлескен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру, ғылыми-практикалық семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру, оқытушы-профессорлар құрамымен алмасу мүмкін болды және сыртқы академиялық ұтқырлықты дамыту жоспарлануда.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасының арқасында Қызылорда «Болашақ» университетінің білім алушылары мен ОПҚ Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясына серіктес ЖОО-ға оқуға шығу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ Астана қаласында Назарбаев университетінде алғаш рет өткен Назарбаев Университеті мен Азия-Тынық мұхиты мансапты дамыту қауымдастығының (APCDA) бірлескен гибридтік конференциясына университетіміздің тәжірибелі мамандары заң ғылымдарының кандидаты, проректор Г.И.Аргинбекова мен экономика ғылымдарының кандидаты, кафедра меңгерушісі Г.А.Жусупова арнайы шақырылып, қатысып білім алмасты.

Университет ұжымы оқу орнының өңірді кадрмен қамтамасыз етуі мақсатында, сондай-ақ бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда өндіріспен байланыс орнатып, облыстық, қалалық білім беру басқармаларымен, мектептермен, аудан әкімдерімен бірлесіп жұмыс жасап, мектеп бітірушілер сұранысын анықтау үшін және университеттің білім беру бағдарламалары бойынша даярланатын мамандарды таныстыру үшін үгіт-насихат жұмыстарымен аудандарға іссапарға барып қайтты.

## Қызылорда «Болашақ» университетінің контингенті

Контингент	Оқу жылдары				
	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Университет бойынша	5937	5733	4957	4612	5493
Магистратура	32	34	69	83	121
Бакалавриат	5905	5699	4888	4529	5372
Гранттар					
мемл. тапсырыс	1	1	2	1	
президент гранты		44	44	44	44
әкім гранты	68	88	92	92	37
ректор гранты			1	1	1
«Қазақстан халқына» қоры					12

Ғылыми зерттеулер ҚР дамуының басым бағыттарына және ғылым мен техниканы дамытудың әлемдік үрдістеріне сәйкес жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылында университет қабырғасында Қызылорда «Болашақ» университетінің Құрылтайшысы, PhD, белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз Досманбетова Зейнегүл Рамазанқызын еске алуға арналған «Заманауи ғылыми зерттеулер: көкейтесті мәселелер, жетістіктер және инновация» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы және Қызылорда ашық университетінің «Болашақ» құрылымдық бөлімшесінде «Ғылым және ХХІ ғасыр жастары» тақырыбында білім алушылардың республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, сонымен бірге көптеген семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Атап айтсақ, «Жаңа реттеу саясатын енгізу шеңберінде «Таза парақтан» тақырыбындағы семинар, «Цифрлық-барлық реформалардың негізгі элементі» тақырыбындағы семинар, «Әл-Фараби-әлемнің екінші ұстазы, философ әрі ғалым» тақырыбында семинар, «Ана әлди мен мейірімі-бала тәрбиесінің иммунитеті» атты тақырыпта семинар, «Темірбек Жүргенов және қазақ мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел, «Қызылорда облысының мұнай-кен орындарын игеру кезінде ғылыми-техникалық қамтамасыз ету тұжырымдамасын дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел, «Жастар кәсіпкерлігін қалыптастыруды дамыту және ынталандыру» тақырыбында дөңгелек үстел, Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті қызметкерлерімен дөңгелек үстел, т.б. шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

2022-2023 оқу жылында университеттің ОПҚ жариялаған ҚР ЖАК кіретін журналдардағы жарияланымдар саны-18, импакт-факторы жоғары журналдардағы жарияланымдар саны-3, Scopus, Web Of Science үздік

журналдарындағы жарияланымдар саны–2, халықаралық конференцияларға, симпозиумдарға қатысу саны–28, оқулық–1, оқу құралы–3, монография–3 құрайды.

Сонымен қатар, университетте ашылған Startup студенттерді кәсіпкерлікке баулу орталығы ретінде елеулі шаралар атқарды.

### Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы

№	Іс-шаралар атауы	2021/2022 ж	2022/2023 ж
1	Олимпиада (қатысуы/орын саны)	5/2	15/8
2	Конкурстар (қатысуы/орын саны)	9/4	18/12
3	Конференциялар (қатысу саны/орын)	17/13	27/18

Университетте белсенді студенттерден тұратын Студенттік үкімет жұмыс істейді. Үкімет аясында түрлі үйірмелер, клубтар мен секциялар жұмыс істейді.

Білім алушылар арасында жастар іс-шараларына қатысушылар үлесі – 85%, спорт секцияларына қатысатын білім алушылардың үлесі–75%, жастар ұйымдарына қатысатын білім алушылардың үлесі–75% құрайды.

2022-2023 оқу жылында жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі 80-85% құрады.

Университетте әлеуметтік мәселелер де назардан тыс қалмаған. Мұның куәсі ретінде 2022-2023 оқу жылында 10 бағыт бойынша университеттің–393, «Болашақ» университетінің жоғары колледжі бойынша–58, «Болашақ» медициналық жоғары колледжі бойынша–104 білім алушысына жеңілдіктер тағайындалғанын айтуға болады. Атап айтқанда, көп балалы отбасылардан шыққан, бір отбасынан екі студент оқыған жағдайда, ата-анасы жоқ күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне, «Болашақ» университетінің колледждерін бітіріп, университетте оқуын жалғастырушылар, белсенді және түрлі жетістіктері бар студенттерге жеңілдік берілді.

### «Болашақ» университеті бойынша 2022-2023 оқу жылында оқу ақысына жеңілдік алған студенттер


Жеңілдік түрі	Жеңілдік пайызы, %	Студенттер саны
Бір отбасынан бірнеше студент оқитындар	7%	237
Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	20%	6
«Болашақ» университетінің жоғары колледжін бітіріп, «Болашақ» университетіне оқуға қабылданған студенттер	20%	106
II топ мүгедек студенттер	10%	2
III топ мүгедек студенттер	7%	10
Спорттық жетістіктері бар студенттер	20%	3
Мектепті «Алтын белгіге» бітірген және ҰБТ нәтижесінде 100 балл жинаған студенттер	10%	2
Құрылтайшылардың шешімімен жеңілдік қарастырылған студенттер	100%	1
Отбасылық жағдайына байланысты жеңілдік қарастырылған студенттер	15%	1
Университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып жүрген студенттер	30%	1
	15%	10
<b>Барлығы:</b>		<b>393</b>

**«Болашақ» университетінің жоғары колледжі бойынша  
2022-2023 оқу жылында оқу ақысына жеңілдік алған студенттер**

<b>Жеңілдік түрі</b>	<b>Жеңілдік пайызы, %</b>	<b>Студенттер саны</b>
Бір отбасынан бірнеше студент оқитындар	7%	51
Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	20%	1
Мүгедек студенттер	10%	6
<b>Барлығы:</b>		<b>58</b>

**«Болашақ» медициналық жоғары колледжі бойынша  
2022-2023 оқу жылында оқу ақысына жеңілдік алған студенттер**

<b>Жеңілдік түрі</b>	<b>Жеңілдік пайызы, %</b>	<b>Студенттер саны</b>
Бір отбасынан бірнеше студент оқитындар	7%	85
Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	20%	8
Мүгедек студенттер	10%	11
<b>Барлығы:</b>		<b>104</b>



Сурет 1. Білім алушыларға берілген қаржылай жеңілдіктер сомасының динамикасы, теңгемен

«Болашақ» университеті Қазақстанның ұлттық ашық университеті құрамына кіреді. Қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалануда білім алушылардың идентификациясын және академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында прокторинг жүйесін (Examus) пайдаланады. Қызылорда «Болашақ» университеті жазбаша жұмыстардың, диплом және диссертация жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында антиплагиат жүйесін (Strikeplagiarism) қолданады.

Университетте дуалды оқыту, түлектердің жұмыспен қамтылуын, практикаға бағытталған және жұмыс берушілердің негізгі ұсыныстарын ескере отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру мақсатында түрлі мекемелермен кафедралар филиалдары, меморандумдарға қол қойылып, күнделікті пайдаланылуда. Атап айтқанда, Халық банкпен, Қызылорда облысы «Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» ММ, Қызылорда облысының Полиция департаменті, Қазақстан Республикасы Айрықша мақсаттағы күштер Мемлекеттік күзет қызметі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы, Қызылорда облысының Полиция департаменті, «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мекемесі, ҚР Қаржы министрлік Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мемлекеттік мекемесі, «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен әріптестік қатынас арқасында бітіруші курс студенттерін іс-тәжірибеден өту арқылы жұмысқа қабылданды. Облыстық прокуратура, полиция департаменті және «Болашақ» университетінің арасында өзара қызмет және ынтымақтастық туралы үш жақты Меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар педагогикалық мамандықтар бойынша аймақтағы мектептер мен балабақшалар, оқу орталықтарымен де тығыз әріптестік байланыс орнатылды.

2020 жылдан бастап «Болашақ» ғылыми-зерттеу институтының құрамында кафедралар жанынан құралған лаборатория мен ғылыми орталықтар: Агро биотехнологиялық ғылыми-зерттеу лабораториясы, әлеуметтік-саяси және құқықтық зерттеулер орталығы – Ғылыми орталық 2014 жылдан бастап «Молодой ученый» журналының арнайы шығарылымдарын әзірлеп келеді. Сонымен бірге Чехиялық «Социосфера» ғылыми-баспа орталығымен бірлесе отырып, «Қазіргі шарттардағы тәрбиенің мақсаттары, міндеттері мен құндылықтары» және «Адам мен қоғам қауіпсіздігі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың мәселесі ретінде» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтіп тұрады.

«Руханият» ғылыми-зерттеу орталығы 2021 жылдың 18 қаңтарында қайта құрылды, жетекшісі–филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жазира Нұрсұлтанқызы.

Әлеуметтік мәселелерді психологиялық және дефектологиялық зерттеу орталығы, жетекшісі–әлеуметтік ғылымдар магистрі, аға оқытушы Маржан Дүйсенбекқызы Қасымбекова.

«Кіші жастағы оқушыларға білім беру» ғылыми-педагогикалық орталығы 2021 жылдың 18 қаңтарында қайта құрылды, жетекшісі–филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Айгүл Дүйсенғалиқызы Есқараева.

Сондай-ақ аймағымыздың өзекті мәселелерінің бірі–Арал теңізін зерттеп, түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында университетте «Арал-Сырдария бассейнінің экологиясы мен биоресурстары ғылыми-зерттеу институты» жұмыс жасайды. Қазіргі таңда аталмыш институт Арал қаласында өз жұмысын жүргізуде. Швециядағы Лунд университетінен PhD доктор, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының техникалық кеңесшісі Осама Ахмет Махер студенттер мен магистранттарға арналған дәріс сабақтарын, оның ішінде төтенше жағдайдан кейін алғашқы көмек, экология мен медицина байланысы туралы практикаға бағытталған сабақтарын жүргізеді.

Университеттің «Балжансай» ғылыми-агробиологиялық орталығында түрлі жеміс ағаштарының өнімдері, бал арасы өнімдері де әрдайым зерттеліп, алынған өнімдер бойынша ғылыми жұмыстардың нәтижелері коммерциялануда.

Университеттің материалдық техникалық базасы жалпы аумағы 11 гектарды құрайтын заманауи технологиялармен жасақталған 14 қабаттық кампустан тұрады. Қазіргі таңда «Болашақ» университетінің жаңа құрылыс жұмыстарына 5 762 935 000 теңге инвестиция салынды. Университеттің материалдық-техникалық базасы күннен күнге қарқынды дамып келеді. Сырдарияның сол жағалауында орын алған.

Болашақ кампусында заманауи 816 орындық жаңа жатақхана және 2260 ш.м құрайтын түрлі спорттық секциялар ұйымдастыруға арналған (бассейн, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, бокс, күрес залы, фитнес, тренажер залдары және т.с.с.) спорт кешені қолданыста (инвестициялық құны – 271 миллион теңге).

Қазіргі таңда 1100 орындық «Болашақ» конгрессхол құрылысы, типтік ашық стадион құрылысы (инвестициялық құны–62 млн.теңге) жүргізіліп жатыр. Оқытушы-профессорлар үйі, дендропарк, медициналық клиника, жағалаудағы ашық аспан астындағы атриум, кинотеатр, бизнес инкубаторды жүзеге асыруға және білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған технопарк, университет жанындағы зияткерлік мектеп, жастар кешенінің құрылысын салу алдағы жылдарға жоспарланып отыр.

Оқу үдерісін сапалы ұйымдастыру мақсатында сот залы, криминалистикалық-практикалық чемодандары, түрлі электрондық ресурс құралдары (білім, ғылым саласындағы нормативтік актілер талаптарына сәйкес) мен зертханалық кешендер жаңартылуда. «Болашақ ТВ» журналистика телестудиясы да оқытушы-профессорлардың онлайн жағдайда дәрістерін түсіріп, тікелей эфирлерде де сабақтары жүргізілуде.

Университет жастары 2009 жылдан бастап аймақтық кино индустриясының дамуына үлес қосып келеді.

Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, рухани болмысын қалыптастыру мақсатында университет мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, өнер тарландары мен елге айрықша еңбегі сіңген мамандық



иелерімен кездесу кештерін ұйымдастыруда «Мәртебелі мейман» жобасы дәстүрлі түрде жүзеге асырылуда.

Студенттердің білім деңгейін арттыру және университетте қосымша білім беруді жетілдіру үшін шетелдік және отандық жоғары оқу орындарымен келісім шарт арқылы білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Университеттің дамуы бағытында алда тұрған міндеттер:

-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

-тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы интеллектті байыту;

-белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін қалыптастыру;

-педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

-қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

-білім, ғылым және өндірісті интеграциялау.

Қызылорда «Болашақ» университетінің ректоры Қ.Бақберген